

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті
Мемлекет және құқық теориясы кафедрасы

М.Ж.Байтасова

«Заңгердің кәсіби этикасы» пәнінен

Кестелер жиынтығы

Оқу - әдістемелік құрал

Қостанай, 2022

УДК 347.96:174
ББК 67.75

Автор:

Байтасова Мөлдір Жұмашовна Мемлекет және құқық теориясы кафедрасының аға оқытушысы

Рецензенттер:

Жусупова Гүлдерай Бековна - А. Байтұрсынов атындағы ҚӨУ, П.Чужинов атындағы Экономика және құқық институтының «Мемлекет және құқық теориясы» кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ. к.

Укин Сымбат Кенжебекович - А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ, П.Чужинов атындағы Экономика және құқық институтының «Мемлекет және құқық теориясы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент), заң ғылымының кандидаты

Байзакова Гульсум Муратовна - Челябині мемлекеттік университетінің Қостанай филиалының «Құқық» кафедрасының доценті, заң ғылымының кандидаты

Байтасова М.Ж

Б 20 Заңгердің кәсіптік этикасы пәнінен кестелер жиынтығы. Оқу әдістемелік құрал.– Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ., 2023. – 60 б.

ISBN 978-601-356-224-7

Оқу құралында ҚҚО қызметшілерінің кәсіптік этикасының жалпы сипаттамасы мен ережелерінен құрылған. Материал жүйелі түрде құрылған кестелер арқылы жинақталып сипатталған.

«Заңгердің кәсіптік этикасы» пәні бойынша оқу әдістемелік құралы бакалавриат мамандықтарының студенттеріне арналған.

УДК 347.96:174
ББК 67.75

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің оқу-әдістемелік кеңесімен бекітілді және баспаға ұсынылды, 27.12. 2022ж., хаттама № 6.

ISBN 978-601-356-224-7

© А.Байтұрсынов
атындағы
Қостанай өңірлік
университеті
© Байтасова М.Ж.,2023

Мазмұны

Кіріспе	4
1 тақырып Этикаға кіріспе. Моральдың ұғымы және оның маңызы.....	5
2 тақырып Этиканың және моральдың негізгі дәрежелері, оларды құқыққорғау қызметіндегі қызметшілердің жүзеге асыруы.....	12
3 тақырып Құқыққорғау қызметіндегі өнегелік мазмұны.....	15
4 тақырып Құқыққорғау қызметіндегі өнегелік мазмұны.....	19
5 тақырып Құқыққорғау қызметіндегі өнегелік кикілжің.....	25
6 тақырып Құқық қорғау органдары қызметшілерінің ұжымындағы өнегелік қатынастар.....	29
7 тақырып ҚҚО қызметінің өнегелік мәдениеттері.....	33
8 тақырып ҚҚО қызметшілерінің қызмет барысындағы қарым-қатынастығы және қызметтік этикасы.....	36
9 тақырып Іс жүзінде қолданылатын кәсіби этика.....	44
10 Тақырып ҚҚО қызметшілерінің қызметтік этикасы.....	48
Пайдаланылған дерек көздертізімі.....	54

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының «Заңгердің кәсіптік этикасы» бойынша оқу құралы жоғары оқу орындарының бакалавр мамандығы бойынша оқитын студенттеріне арналған.

Студенттердің құқық облысындағы білімдерді жетік білудің, құқықтың әлеуметтік ортаға тигізетін әсеріне байланысты қамтылуын қарастырады.

Оқу құралында жалпы құқық пен мемлекетке қатысты ұғымдар мен санаттарға түсінік беріліп, Қазақстан Республикасының құқық жүйесінің барлық құқық салаларының ерекшеліктері турасында толымды мағлұмат қамтылған.


Мақсаты: кәсіби этиканы құрайтын теория мен тәжірибе негіздеріне, тыңдаушылар бойынша құқық қорғау органдары қызметкерінің кәсіби этикасына сәйкес келетін әдептілік туралы білім жүйесін қалыптастыру. Студенттік құқықтық әлеуметтену үрдісі – оның адам және маман ретінде қалыптасуын, есеюін, мемлекетті, құқықты, заңды түсіну, сыйлау, сақтау, заң арқылы өзін қорғай алу сияқты ұғымдары мен сезімдеруінің тереңдеуі, қазақстандық патриотизмнің жетілуі.

Міндеті:

1. Этиканың ғылым ретінде толық теориялық негіздерін ашу;
2. Заң саласындағы түрлі мамандардың кәсіби этикасы спецификасының қажеттіліктерін негіздеу;
3. Құқық қорғау органдары қызметкерінің этикалық жағынан расталған әдептілікке, күрделі, төтенше, жанжал жағдайларында дұрыс шешім қабылдай алуына дайындауға жол беру;
4. Білікті заңгердің іскерлік этикасын игеруге көмек көрсету.

Жалпы оқу құралы (кестелер альбомы) Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына арналған мемлекеттік стандартқа сәйкес құрастырылған.


1 ТАҚЫРЫП. ЭТИКАҒА КІРІСПЕ. МОРАЛЬДЫҢ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ



Этика Ежелгі Грецияда философиялық ғылым ретінде пайда болған екен. Ежелгі Греция құл иеленушілік мемлекет болған еді.

Этика ғылым ретінде ежелгі Грецияда қалыптасқан. Этиканың негізгі элементтері Платонның, Аристотельдің еңбектерінде кездеседі.

Сондықтан ол Ежелгі Грецияда орнаған әлеуметтік теңсіздікті қалыпты жағдай екендігіне сенімді болды.



Этиканың қалыптасуы мен даму кезеңдері

Қазіргі этика теориялары


Қазіргі этика адамзат тарихының ежелгі кезеңімен өте тығыз байланысты.

Қазіргі кезде этиканың ең басты пәні Мораль. Ол күнделікті этикетпен тығыз байланысты.


Көптеген философиялық, теориялық пәндермен салыстырғанда этиканың категориялары күнделікті тілде кең пайдаланылатын сөздерден тұрады.

Достық, махаббат, жомарттық, ізгілік пен зұлымдық, ұят, абырой, парыз, әділеттілік, бақыт.


- Этиканың ұғымдары мен категориялары туралы жалпы түсінік



Этика - қоғамдық қатынастардың саласы ретіндегі моральды танудың таусылмас баспалдақтары.



Этика - ол танымның дербес құралы болып табылады.



Этика категориялары – моральдық танымның бірінші тәртіптег қозғаласының нысаны.

Этиканың құрылымы. Этика үш бөліктен тұрады:

Теориялық этика.
Этиканың негізгі ұғымдарын, оның зерттеу пөнін, ғылым ретінде даму тарихын зерттейді.

Нормативті этика.
Негізгі этикалық категорияларды: мейірімділік пен катыгездік, ізгілік пен жауыздық, ар-ұждан, ұят, абырой, парыз және т.б. қарастырады.

Эмпириялық этика
Белгілі бір кезеңдердегі адамзат ұйымдарының нақты адамгершілік келбеті туралы түсінік береді.

Басқа ғылымдардың категорияларына тән белгілерді, қасиеттерді иеленгенімен, этикалық категориялардың өзіне ғана тән бірқатар ерекшеліктері де бар.


Біріншіден, олар қоғамдық қатынастардың адамдардың жүріс-тұрысымен, олардың жақсылық пен жамандық, борыш, абырой, әділдік туралы көзқарастарына сәйкес бір-біріне, қоғамға, мемлекетке, отбасына, ұжымға деген қатынасымен байланысты жақтарын көрсетеді.




Екіншіден, этикалық категориялар бағалаушылық, аксиологиялық сипатқа ие. Басқаша айтқанда, олардың барлығын жақсылық пен жамандық, қайырымдылық пен зұлымдық тұрғысынан бағалауға болады, ал олардың өздері осы бағалаудың нысаны ретінде көрініс табуы үмкін: адал, тәртіпті, әділ, жауапкершілігі мол алам және т.б.



Үшіншіден, олар адамдардың жүріс-тұрыстары мен қарым-қатынастарын реттеу құралы болып табылады, қоғамның адамгершілік талаптарын көрсетеді.



Төртіншіден, қызметтік міндетті атқару кезінде тек нақты тұлға немесе сол ұжым бөлімшесіне жүктелуін, оның орындалуын және қызмет туралы бөгде адамдармен әңгіме өткізуге болмайды.



Кәсіби этика» - философия ғылымы саласының қолданбалы ғылым этикасы деп қаралды. Этика, мораль, өнегелік – күнделікті қоғамдағы қатынастарында кеңінен қолданылатын әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді, олардың қарым-қатынастығын реттеуші болады.

Аристотель «этос» сөзін өзгертіп, оның орнына «этикалық» деген ұғымды енгізді де, оны адамның ішкі табиғатын, өнегесін ұйымдастырушы ғылым деп атады.

2 ТАҚЫРЫП. ЭТИКАНЫҢ ЖӘНЕ МОРАЛЬДЫҢ НЕГІЗГІ ДӘРЕЖЕЛЕРІ, ОЛАРДЫ ҚҰҚЫҚҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫ

Этика (грек. ethos – дағды, әдет-ғұрып) – зерттеу нысаны мораль, адамның мінез-құлқы болып табылатын ежелгі теориялық пәндердің бірі.

Мораль дегеніміздің өзі (латын тілінен moralis – қарым-қатынаста көрініс табатын мінез дегенді білдіреді) - адамдардың қоғамға қажетті мінез-құлқының қажеттігін айқындайтын және оның ортақ әлеуметтік нормаларымен реттелетін әлеуметтік сананың бір формасы және оның тәжірибедегі көрінісі.

Құқық қорғау органдары қызметшілерінің мораль нормалары мен принциптері.

Адамгершілік шиеленістің ерекшелігі мынада – белгілі бір жағдайдағы моральдық нормаға негізделген әрекеттің нақты бір норманы бұзуы.

Құқық қорғау қызметі қылмыскерлермен күресуінің, арнайы күш құралдарды қолдануы нәтижесінде қызметкерлерін адамгершілік шиеленіс жағдайында мораль нормалары мен принциптерін сақтай отырып дұрыс мінез –құлық көрсетуін талап етеді.

Құқыққорғау органдары қызметкері үшін кәсіби мәні бар шиеленістердің қатарынан сыртқы және ішкі шиеленістерді атауға болады.

Құқыққорғау органдары қызметкерлері өз қызметтерін атқаруда мынадай мораль қағидаларын басшылыққа алады:



Мораль – бұл өзіне үш элементті қамтитын күрделі құбылыс



Негізгі этикалық категориялардың сипаттамасы



Біріншіден, олар қоғамдық қатынастардың саласы ретіндегі моральды танудың таусылмас баспалдақтары.



Үшіншіден - моральдық танымның бірінші тәртіптегі мәннен екінші тәртіптегі мәнге және т.б. дамуының, қозғалысының нысыны.




Екіншіден, олар танымның дербес құралы болып табылады.



Төртіншіден, басқа да адамгершілік құрылымдар: қағидалар, нормалар, талаптар, ережелер және т.б. сияқты этика категорияларының беделі мен маңыздылығы қоғамдық көзқарастың немесе жеке тұлғаның өзіндік санасының күшіне негізделеді.

3 ТАҚЫРЫП. ҚҰҚЫҚҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ӨНЕГЕЛІК МАЗМҰНЫ.



Мәжбүрлі өнегесіздік

1


- Мәжбүрлі өнегесіздік - қоғамға қайшылық және зиян келтіретін, заңға қайшы іс әрекеттерді айтады. Мысалы, қылмыскер не құқықбұзушының заңды бұзып, өзінің қажеттіліктерін қанағат ету үшін жасайтын іс-әрекеттерді айтуға болады. Қылмыскер бір мекеменің кассасына немесе қоймасына, дүкенге ұрлыққа түскен кезде ол өнегесіздік, қоғамға деген қайшылық, заңсыздық іс-әрекетті. Сол себептен өнегелік қасиеттерді біріктіру үшін отбасында, балалар бақшасында, мектептерде, жұмыс ұжымында, т.б. ұйымдарда да өнегелік тәрбие жұмыстарын жүйелі түрде өткізу керек.

2


- ҚҚО қызметіндегі қызметшілердің өнегелік тәрбие өткізу жұмыстарын сол орган басшылары жүзеге асыратын болады. Әрбір бөлім басшысы өзіне бағынышты қызметшілері үшін жоғарғы деңгейдегі лауазымды тұлғалар алдында жауапты болады. Әрине, лауазымды қызметшілер заңдылық пен өнегелік көзқарастарды біріктіре білулері керек.

3

- Қылмыскердің қылмыстық іс-әрекеттерін дер кезінде ашып, оны сот арқылы әшкерлеп, жауапқа тартқан кезде бұл іс әрекеттер өнегелік мәжбүрлік тәрбие деп аталады. Өнегелік мәжбүрлік тәрбие бостандықтан айыру орындарында отырғандарға заңға сәйкес қысымшылық жасаудың өзі өнегелік мәжбүрліктің бір түрі деуге болады. Себебі қылмыскер өзінің қолымен істеген қылмысын өз мойнымен көтеруі керек.



Заңды сыйлау - өнегелік сипаттағы ұғым






Заң - мемлекет орнатқан, барлық тұлғалардың орындауына міндетті болатын мемлекет биліктің нормативтік құқық актілері.



Заңның талаптары:

- көпшілікке міндет артуы;
- міндетті түрде орындалуға жатады;

- 
- дұрыс орындалуға жатады;
 - дер кезінде орындалуына жатады;
 - өз бетінше өзгертуге болмайды.



Заңды сыйлау - көпшіліктің мемлекет шығарған нормативтік құқық актілерінің көрсетілген талаптарын дер кезінде ешқандай қатесіз орындалуды айтады. Егер заң дер кезінде орындалмаса немесе оны бұрмалау, бұзу әрекеттері жасалған жағдайда оны бұзған тұлға тиісті заңды жауапқа тартылуға және жазалануға тиісті болады.

Заңның өнегелік сипаттары:

Заң барлық халыққа қызмет ету керек – міне, сонда ғана ол заң өнегелік заң деп аталады. Сондықтан да ҚҚО қызметшілері өздерінің қызметтік міндетін атқару кезінде заңға және адамгершілік қасиетті де ұмытпауы керек. Яғни конституциялық принциптерін толық сақтауға міндетті болады.

- заңды орындау кезінде көпшіліктің мінез-құлқына сәйкес болуы;
- жаман қылықтардың болмауына тосқауыл қоюы;
- жақсылыққа деген әдептілікті сақтауды талап ететін әрекетті жасауы.

- ✓ Мемлекетке қызмет ету - ҚР әрбір азаматтарының өз еркімен тиісті заң талаптарының негіздеріне сәйкес, белгілі бір мемлекеттік органдарында нақты лауазымдық қызметті атқаруы. Өйткені тиісті заңдарға сәйкес мемлекеттік қызметті тек ҚР азаматтары ғана атқаруға тиісті.
- ✓ Өнегелік маңызы дегеніміз - мемлекеттік қызметті атқару кезінде мемлекет қызметшісінің өзіне жүктелген, қызметтік міндет артылған қызметтік боршын ойдағыдай дер кезінде, ешбір қате жібермей көпшілік халыққа өз қызметіне маман екендігін көрсете білу.

4 ТАҚЫРЫП. ҚҰҚЫҚҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ӨНЕГЕЛІК МАЗМҰНЫ

Құқық қорғау органдарындағы қызмет барысындағы
өнегелік тәрбие.

Тәрбиелік жұмыстың өзектілігі.

Өнегелік тәрбие - адамның жалпы қадір-қасиетін, тәртіптілігін, қоғамда өзін қалай ұстауын, жүріс-тұрысын, мінез-құлқын ретіне келтіру мәселесін шешушісі деп аталады

Тәрбиелік жұмысты жүргізу кезінде белгілі бір немесе бірнеше мақсаттар қойылады. Сол көздеген мақсатқа жету үшін тиісті қажетті шаралар қолданылады

Әрбір қызмет органдарында міндетті түрде заңмен, заңға сәйкес актлер бойынша қызметтік міндет атқарылатын болады

Қызметтік міндетті атқару кезінде әрбір қызметші өзіне жүктелген тиісті қызметтерді атқаруға міндетті болады.

Қазіргі кезеңде заңдылықты сақтауды амалсыздан орындайтын болады. Егер заңдылықты сақтамаса, жауапқа тартылады, ал сонымен қатар қадағалаушы органдар да бар, мысалы, прокуратура, жоғарғы деңгейдегі органдар, лауазымды тұлғалар т.б.

Моральдық қасиетті сақтау үшін ешқандай қадағалаушылықты қажет етпейді.

Моральдық ережені сақтамағаны үшін ол ешқандай заңды жауапқа тартылмайды. Бірақ алдағы уақыттарда бұқаралық ақпарат көздері арқылы барша халықтың бірі біле ме, екіншісіне мәлім болып, осы адамгершілік фактінің сақталмағаны туралы.


Әсіресе ауылды жерлерді алатын болсақ, жұмыссыздықтың нәтижесінде әртүрлі қылмыстың жолдарына түсудің салдары осыдан болады. Яғни экономикасы төмен елдерде қылмыс деңгейі өте жоғары болады. Сонымен өнегелік тәрбиені жүзеге асыру үшін тәрбиелік жұмыстарды өткізу қажет болады. Жеке тұлғаның өнегелік тәрбиесін іске асыру үшін мына процестерді жүзеге асыру керек:

Қылмыскерлердің қылмысты жасаудың себептері әр алуан болады. Қазіргі кезеңде нарықтық экономиканың бәсеңділігіне байланысты және жұмыссыздықтың жоқтығынан көпшілік халықтық тентіреп жүргендері де аз емес.




- а) этикалық білімін нығайту (тәрбиелік жұмысты жүргізу);
- б) моральдық сенімділік;
- в) өнегелік қасиеттер мен сезімталдық.


Ішкі істер органдары қызметшілерінің өнегелік тәрбиенің негізгі бағыттары.



Ішкі істер органдары - мемлекеттік қызметтің яғни құқыққорғау жүйесіндегі маңызды органдарының бірі болып табылады. Оның себебі мемлекеттің құрамындағы атрибуттың болуына және оның атқаратын қызметтік құзыретіне, функцияларна байланысты болады.



Сол себептен ішкі істер органдары мемлекеттік деңгейде ең басты және маңызды орын алатыны баршаға мәлім. Барлық тұлғалар өздерінің басына түскен жағымсыз жағдайда ішкі істер органына жолығып, өздерінің өтініштерін айтады, арыз, шағым береді. Осының негізінде ішкі істер органдар (полиция) заңға сәйкес тиісті іс-шараларын жүргізіп, заңды шешім қабылдайды.



Ішкі істер органдарының қызметшілері - ол, құқық қорғау органдарында тиісті белгіленген заңдар бойынша нақты қызметтік міндетті атқаратын лауазымды тұлғаларды айтады. Ал әрбір лауазымды тұлғаның өзіне деген нақты бөліп берілген қызметтік міндеттері болады. Міне сол қызметтік міндеттерін әр қызметші орындауға міндетті.

Ішкі істер органдарының өнегелік тәрбиесі

Ішкі істер органдарының өнегелік тәрбиесі дегеніміз - ПО қызметшілері өздерінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде заңды нақты, дәл орындауын, көпшіліктің талабына сай келетін іс-әрекеттерін айтады. Ішкі істер органдарының қызметшілері өздеріне жүктелген қызметтік міндеттерін атқару кезінде дөрекілік, өр-көкіректік тәрізді жаман құлықтарды көрсетпеуі керек.

Ішкі істер органдар қызмет басшыларының негізгі міндеттеріне жататындар - қызметшілердің конституцияның, заңдардың және заңға сәйкес актілерді бұлжытпай және дер кезінде орындау болып табылады. Бұл міндеттерді орындау мына бағыттар арқылы жүзеге асырылатын болады. Кәсіби біліктілік - әрбір ПО қызметкері міндетті түрде өзінің ісін жақсы меңгерген маман болуы қажет. Сонымен қатар, осы аталған қызметшілер заңға сәйкес оны бұлжытпай орындауға тиісті.

Сондықтан, осы органдарының қызметшілері өздерінің қызметін заңды сақтай отырып өз боршын орындайтын болса, сот алдында әділ үкім шығарылатын болады. Қылмыскердің қылмысы мүлтіксіз дәлелденген жағдайда оның өзі ұялғандық пен қымсынғандық сыңай білдіретіндері де болады. Өйткені дәлел-айғақтар жеткілікті болғандықтан, қылмыскер ешқандай жауап беруден жалтара алмайды. Ол жауап беруге тиісті.

Ішкі істер органдарының өнегелік тәрбиесі

Францияның криминалдық полициясының атақты комиссары Ален Над Пинкертон: «Қылмыскерді ұстау үшін, өзің қылмыскер болуың керек» деген. Ол дегеніміз - қылмыскердің ой-өрісін, ой-толғауын, күнделікті әдетін, сыбайластарын, тамыр-таныстарын, хоббиын т.б. мән-жайларын толық білу қажет болады. Ішкі істер органдарының жасалған қылмысты дер кезінде ізін суытпай ашу, ұстау, қажетті айғақтар мен дәлелдерді жинап, заңды түрде бекітуді қажет етеді.

ПО қызметшілерінің өз қызметтік міндеттерін атқару кезінде-моральдық-психологиялық тұрақтылығын сақтау болуы. Ол мынаны талап етеді:
-дау-жанжал пайда болған жайларды дер кезінде шешу және моральдық- психологиялық жай туралы талдау жүргізу;

сұрапыл және қысылтаяң жағдайларда ПО қызметшілерінің дайындығын тексері жұмыстарын өткізу болады. Мысалы, арнайы жаттығу ойындарын жүргізу т.б. Қазіргі кезеңде терроризмге, басқа да табиғи немесе техногендік апат кезінде қандай сұрапыл түрде дер кезінде шараны қолдануын білу керек болады.

Өнегелік мәдениеттігі

1

- Өнегелік мәдениеттігі - ол қызметшінің өз ісіне маман екенін көрсете білуі. Өз ісіне маман - ешқашанда жаңылмайды және қателік жасамайды. Бұл қасиет маманның мәдениеттілігін көрсету деп аталады.

2

- Кәсіби-өнегелік мәдениеттік тәрбиенің негізгі мақсаттар:
- -қызметшілердің өнегелік қасиеттерінің тұрақтылығы мен қажеттілігін біріктіру болады;
- -жоғарғы деңгейдегі мәдени қарым-қатынастығы мен тәртіптілігі;
- -дәрежелікті алдын ала ескерту.

3

- ПО қызметкерлерінің кәсіби өнегелік тәрбиені өткізу және оны ұйымдастыру тек адамгершілік қарым-қатынас жасай білу болып табылады. Оның жүзеге асырушы және көтеру қызметшілердің ынталығы қажет.

5 ТАҚЫРЫП. ҚҰҚЫҚҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ӨНЕГЕЛІК КИКІЛЖІҢ



Өнегелік дау-жанжалдың пайда болу нысандары

1

- ҚҚО қызметшілерінің ішіндегі дау-жанжалдарға мына мән жайларға назар аудару керек, атап айтқанда:
- -сыртқы дау-жанжалдар;
- -ішкі дау-жанжалдар.

2

- Сыртқы дау-жанжал – ол әдеттегідей адамдардың арасында пайда болады. Бұндай дау жанжалдар әр деңгейде пайда болады. Атап айтқанда:
- -жеке тұлға және қоғамның арасында;
- -жеке тұлға мен топтың арасында;

3

- -жеке тұлға мен жеке тұлғаның арасында;
- -топ пен топтың арасында;
- -топ пен қоғамның арасында.


4

- Сыртқы дау-жанжалдар әр қашанда келіспеушіліктің, пікірледің қарама-қарсы келуі нәтижесінде пайда болады. Мысалы, кәсіподақтар мен жұмыс беруші мекеме басшысымен еңбек ақыны төлеу тарифтарын сақтамауы, арнайы тамақ-тағамдарын бермеуі т.б.

5

- Ішкі дау-жанжал дегеніміз - ол, жеке тұлғаның мінез-құлқы мен жүріс-тұрысы, тәртіптілігі не тәртіпсіздігі, өр-көкіректігі, дәрекілігі т.б. келеңсіз қасиеттігі бар тұлғаны айтады. Бұл секілді дау-жанжалдар басшы мен қызметшінің арасындағы келіспеушілік, тіл-табыспаушылық т.б.

Дау-жанжалды алдын-ала ескерту және шешу жолдары



Дау-жанжалды шешудің ең қолайлы және тиімді жолдарының бірі—ол алдын ала ескерту болып табылады. Оны жүзеге асыру үшін мына тәсілдерді жатқызуға болады:

- қызметтік міндетті атқару кезінде қызметшінің нақты жұмыс міндеттерін алдын-ала жұмыс шектерін анықтау керек және сол міндетте қарама-қайшылық жағдайларыны пайда болмауы керек;

-қызметшілерді құқықтық қорғаушылықпен қамту;
- ұжымдық шеңбердегі дау-жанжалды тоқтату үшін тепе-теңдік принциптерін сақтау қажет болады және ешқандай салмақты көрсету, артықшылық болмауы керек.



Дау-жанжалдар мен басқа да келеңсіз жағдайларды тоқтату үшін ҚҚО басшылары ең жетекші орын алуға тиісті. Бұл туралы бұрынғы одақ кезіндегі ІІ министрі Н.А.Шелоков айтқандай «Ұжымда, моральдық-психологиялық климат жақсы болатын болса, онда ол ұжымның жұмысы әр-қашан алда болады» деген.



Осы айтылған қанатты сөздер әлі күнге дейін ерекше орын алуда болады. Сондықтан ұжымды жақсы адам басқарса, сол ғұрлым жұмыс та, жетістіктер де алға басады және ешқандай дау-жанжал деген мүлдем болмайды деуге болады.

6 ТАҚЫРЫП. ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ ҰЖЫМЫНДАҒЫ ӨНЕГЕЛІК ҚАТЫНАСТАР.

Алғашқы ұжымдық ұғым және моральдық-психологиялық климат.



Алғашқы ұжымдық ұғым- жеке тұлғаның белгілі бір мекемеге немесе кәсіпорынға, қоғамдық ұйым құрамына кірген кезде пайда болатын қарым-қатынастық пен тіл табысу, сыйластықты таба білу. Өкінішке орай, кейбір ұжымдарда тіл табысу, сыйласу оңайға соқпайды, себебі: әрбір адамның тәртібіне, мінезіне, құлқына байланысты болады.

Моральдық-психологиялық климат- белгілі бір ұжымда, ұйымда, кәсіпорындар мен мекемелерде жұмыс істейтін адамдар арасындағы қызметтік немесе жеке басқа байланысты қарым-қатынас пен қызметтік міндетті атқару кезінде пайда болатын әр тұлғаның жекелеген көзқарасын, ынталығы.

Ұжымда болу керек қасиеттер:

1. Ұжымның бірлігі мен өнегелік қарым-қатынастың және оның мүшелерінің өз-ара тіл табысушылығы мен сыйласушылығы болуы қажет;

2. Ұжым мүшелерінің ортақ бір мақсатты көздеуі;

3. Қызметтік салада өз-ара қызмет көрсету және көмек көрсету;

4. Ұжымдар әр-қашанда қызметтік міндет пен жұмыс мақсаттары біріктіретін болады, ал сол ұжым мүшесі нақты ережені, актіні бұзған жағдайда онда ол адамның қылығы ұжымның алдында талқылануға

Ең алғашқы ұжымдар бастамасының ерекшеліктері:

-біріншіден, ұжымның қызметтік міндетінің мақсаты мен маңызы және оның қызметтік міндеттеріне қойылатын талабы мен оның моральдық қасиетінің жорағы деңгейде болуының байқалуы айтылады;

-екіншіден, қызмет бабының сипатына байланысты нақты заңдар мен актілерге сәйкес міндеттердің атқарылуы талап етіледі;

-үшіншіден, ұжым мүшесінің арасындағы қарым-қатынас кезінде қызметтік маңызы жөнінде өз-ара әңгіме болмауы керек;

-төртіншіден, қызметтік міндетті атқару кезінде тек нақты тұлға немесе сол ұжым бөлімшесіне жүктелуін, оның орындалуын және қызмет туралы бөгде адамдармен әңгіме өткізуге болмайды. Қызмет ұжымының әрбір мүшесі өзінің қызметтік міндетін атқару кезінде басқа ұжымдармен кездесетін болады.

Ұжымның элементтері - белгілі нақты бір ұжымның күнделікті қоғамдық қатынастарында пайда болатын немесе сол ұжым мүшелерінің өзара баға беретін, пікірталас жүргізетін және басқа да ұйымдастырушылық жұмысты жүргізуі.

Алғашқы ұжымның негізгі элементтері:

1. Ұжымның пікірі

2. Ұжымның көңіл – күйі

3. Ұжымның салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы

4. Ұжымның ішінде орнатылған ішкі ережесі

5. Ұжымның ішіндегі кейбір тұлғалар арасындағы келеңсіздіктер

1. Ұжымның пікірі - ұжымның ішіндегі өзара қарым-қатынастығы жөнінде ерекше және реттеуші орын алады. Ұжым пікірі-сол ұжымның бір ауызды болып шығарған шешімін айтады. Мысалы, Парламент мәжілісінде дауыс беру т.б.

2. Ұжымның ойдағыдай қызметтік міндетін атқару кезінде оның көңіл-күйі ерекше орын алады. Өйткені көңілді болса онда жақсы шешім қабылдануы мүмкін, ал көңілсіз болса - жағымсыз шешім қабылдайтын болады. Сондықтан да ұжым мүшесінің көңіл-күйі жақсы болса, қабылданатын шешім де жақсы болады.

3. Ұжымның әдеттегідей үнемі сақталып келе жатқан салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы маңызды орын алады.

*Басшы – ұжымдағы өнегелік қатынастарды
ұйымдастырушы ретінде.*

Қандайда ұжым болмасын, оның жұмыстық қабілеттігін және басқа да өнертапқыш қабілеттігін мекеме немесе кәсіпорындар басшылары білуге тиісті. Басшының бастауымен нақты қызмет атқарушы ұжымдары пайда болады. Ұжымның дұрыс және үздік жұмыс істеуі және оның көздеген мақсатқа жетуі ол ең алғашқы басшыға байланысты болады. Әрбір қызмет ұжымында басшы алға қойған мақсатты мәлімдейді. Ал, сол мақсатты қалай жүзеге асыруы керек және оның орындау жолдарын қарастыру қажет болады. Қабылдаған шешімді жүзеге асыру да ең басты мақсат болып табылады.


7 ТАҚЫРЫП. ҚҚО ҚЫЗМЕТІНІҢ ӨНЕГЕЛІК МӘДЕНИЕТТЕРІ.



Мәдениеттің екі түрге бөлуге болады


жалпы мәдениет

кәсіби мәдениет





Кәсіби өзгерістің деңгейлері:



8 ТАҚЫРЫП. ҚҚО ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТ БАРЫСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСТЫҒЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІК ЭТИКАСЫ

Этикет - қоршаған қоғамдардың арасында әр тұлға өзін қалай ұстау керектігін және мінез-құлқын қалай сақтау туралы ереже деп түсінуге болады.

Мәдениет - адамдардың қоғамдық қатынаста бір-бірімен қарым-қатынас жасаған кезде әдептілік пен тәртіптілікті және адамгершілік қасиетті сақтайтын іс-әрекет.

Қызмет бабына байланысты қарым-қатынас кешендері мына мән-жайлардан тұрады:

1.Іске қатысы бар қарым-қатынас жасаудың техникалық шарасы;

2.Іске қатысы бар қарым-қатынастың психологиясы;

3.Іске қатысы бар қарым-қатынас этикасы;

4.Қызмет этикасы.



Шетел азаматтарымен қатынастың нысандары:

Визит (ресми келу) - бұл мәселе халықаралық келісім-шарт бойынша екі мемлекет арасындағы жүргізіледі.

1. Ресми түрдегі: қонаққа келген делегацияның басшысы ел басшысы немесе басқа да лауазымды тұлға болуы мүмкін;

2. Ресми іс-сапар бойынша: бұл нақты конференция өткізу кезінде немесе ғылыми, практикалық тәжірибе бөлісу, алмасу туралы өткізілетін жұмыстар.

Визиттің бағдарламасы мынадан тұрады:



1. визиттің мерзімі;


2. келіссөз жүргізудің мерзімі;

3. хаттамалық іс-шаралар;

4. іс-шаралардың тәртіп кезегімен өтуі;

5. іс-шараларды өткізудің аралық уақыты.





Полиция қызметшілері мына жағымсыз жайлардан қашық болуы керек:


1. өркөкіректік, дөрекілік, менмендік және т.б.;

2. біреудің намысын, абыройын және мүддесін кемітетіндей дөрекі сөздерді айтудан алшак болуы керек;

3. қорқынышты, үрейлендіретін іс-әрекет жасауға жол бермеуі керек.

Кәсіби этика-бұл адамның өзінің кәсіби міндетіне қатынасын анықтайтын моральдық нормалардың жиынтығы. Еңбек саласындағы адамдардың моральдық қатынастарын кәсіби этика реттейді. Қоғам материалдық және құндылықтарды өндірудің үздіксіз процесі нәтижесінде ғана қалыпты жұмыс істей алады және дами алады. Кәсіби этиканың мазмұны-адамдар арасындағы моральдық қатынастардың белгілі бір түрін және осы кодекстерді негіздеу тәсілдерін белгілейтін мінез-құлық кодекстері.

Кәсіби этиканың мазмұны-адамдар арасындағы моральдық қатынастардың белгілі бір түрін және осы кодекстерді негіздеу тәсілдерін белгілейтін мінез-құлық кодекстері. Адамдар өздерінің кәсіби міндеттерін орындау процесінде болатын жағдайлар Кәсіби этиканың қалыптасуына қатты әсер етеді. Еңбек процесінде адамдар арасында белгілі бір моральдық қатынастар дамиды. Оларда Кәсіби этиканың барлық түрлеріне тән бірқатар элементтер бар.




Құндылықтар жүйесінде кез-келген қызметкерінің, құқық қорғау органдары ерекше орын алады проблемалары кәсіби этика.

Біріншіден, қылмысқа қарсы күрес және өзге де құқық бұзушылықтарға — бұл тек қана құқықтық емес, моральдық мәселе, өйткені болмайды қылмыспен күрес жүргізу және оның себептері порождающими, нығайта отырып, моральдық ұстанымдары қоғам, қылмыспен күресті қамтамасыз ету мүмкін емес жан-жақты дамыту және көрінісі моральдық фактордың, оның сындарлы, жасампаз рөлі.

Екіншіден, ішкі істер органдарының қызметкерлеріне тура келеді, әдетте, жақсы қоғамның бір бөлігі, бұл, бір жағынан, өте қолайсыз әсер ететін болғандықтан, олардың моральдық бейнесі мен қабілетті белгілі бір жағдайларда әкелуі моральдық деформация, ал екінші жағынан, қызметтік этика міндеттейді әрбір қызметкердің танытуға такт, шыдамдылық, моральдық әсер етуі ұсталған, қамауға алынған, сотталған.


9 ТАҚЫРЫП. ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН КӘСІБИ ЭТИКА.



Әділдік - қоғамдық қатынастарда заңдарға байланысты соттық және басқа да органдар мен лауазымды тұлғалардың заңды шешімдер қабылдаған кезде тиісті әділеттік пен моральдық қасиетті сақтайтын іс-әрекет.



Әділдік - қоғамдық қатынастарда болып жатқан адамдардың жүріс-тұрысына, тәртібіне, өзіне жүктелген қызметтік міндетіне адал қарайтын және соны адал атқаратын қызметтік іс-қимылдар.



Қайырымдылық - қоғамдық қатынастардағы жеке тұлғалар мен ұжымдар арасындағы қатынастардың белгілі бір материалдық немесе моральдық көмек көрсету іс-әрекеттері.

-әлеуметтік жағдайлары нашар адамдарға мемлекеттің материалдық және басқа да көмек көрсетуі;

-көпбалалы отбасыларына мемлекеттің материалдық көмек көрсетуі;

-әке-шешесі жоқ балаларды асырау және оларды жетілдіруді ұйымдастыру мәселесін жүзеге асыру;

-жасөспірімдердің құқығын қорғаудағы әкімшілік комиссияның толық жұмыс істеуі.


Әділдік пен қайырымдылықтың ара қатынасы дегеніміз - қоғамдық қатынастағы мемлекет органдарының, лауазымды тұлғалардың және жеке тұлғалардың өзара көмек көрсетуі мен дұрыс шешім қабылдау нәтижесінде пайда болатын іс-әрекеттерін айтады.

Заңдылық пен тәртіптің этикалық маңызы:

Заңдылық - мемлекет орнатқан нормативтік құқық актілеріне сәйкес және оның шеңберінен ауытқымай орындалатын іс әрекеттер.

Тәртіптілік - қоғамдық қатынастарда жалпыға бірдей сақтауды талап ететін және оның шеңберінен ауытқымай жасалатын іс-әрекеттер.

Тәртіптілік түрлері:



10 ТАҚЫРЫП. ҚҚО ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТТІК ЭТИКАСЫ.

ҚҚО қызметшілерінің этикасы қызметшілердің кәсіптік қызметін орындауда оңтайлы көзқарасты көрсететін адамдық қарым қатынастардың кәсіптік тәртіп кодексінің бір түрі ретінде, сонымен қатар бұл кәсіптің мәдени – ізгілік бағытын түсіндіретін әлеуметтік – философиялық пән болып табылады.

Мемлекеттік қызметті атқару қоғам мен мемлекет тарапынан білдірілген ерекше сенім болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің адамгершілігіне, этикасы мен моральдық бейнесіне талаптарды жоғарылату мақсатында 2015 жылғы 29 желтоқсанда Әдеп кодексі қабылданды.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі


1- Тарау. Жалпы Ережелер

2-Тарау. Мемлекеттік қызметтің әдептік қағидаттары


3-Тарау. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттары


4-Тарау. Қызметтік әдепті бұзудың профилактикасы бойынша үйлестіру

5-Тарау. Қызметтік әдепті бұзғаны үшін жауаптылық











Қызметтік әдепті бұзудың профилактикасы бойынша үйлестіру



Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган заңнамаға сәйкес қызметтік әдепті бұзудың профилактикасы бойынша үйлестіруді жүзеге асырады.

Қызметтік әдепті бұзғаны үшін жауаптылық



Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп стандарттарын бұзуы тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕК КӨЗДЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. Профессиональная этика работников правоохранительных органов /под редакцией Г.В. Дубова и А.В. Опалева. М., 1998, 438 с.
2. Габитов Г.Т. Заңгердің әдебі (оқулық) Алматы, баспа «Данекер», 1999
3. Серимов Б. Заңгер этикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.
4. Кудайбергенов М.Б. «Лауазымды азаматтардың тәртіпті сақтау Кодексі». Алматы, баспа «Данекер», 1999. Этика и этикет: Учеб.пособие. - М., 1995, 312 с.

Қосымша:

6. "Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность" Послание Президента Республики Казахстан от 31 января 2017 года // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700002017>
7. План нации - 100 конкретных шагов Программа Президента Республики Казахстан от 20 мая 2015 года // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000100>
8. Послание Президента Республики Казахстан «Стратегия «Казахстан – 2050: новый политический курс состоявшегося государства» от 14 декабря 2012 года. – Официальный сайт Президента Республики Казахстан [www. akorda.kz](http://www.akorda.kz)
9. Соловьев В.С. Нравственность и право// Оправдание добра. Нравственная философия. Соч. в 2-х т. М., 2012, 872 с.
10. Словарь по этике. М, 2015, 263 с. // [Platona.net>load...po...slovari... slovar po_ehtike...2965](http://Platona.net/load...po...slovari... slovar po_ehtike...2965)
11. Сальников В.П. Уважение к праву в деятельности правоохранительных органов. М., 2017, 570 с.
12. Возный А.Ф. Уголовно-правовые и этические проблемы теории и практики оперативно-розыскной деятельности органов внутренних дел. М, 2020, 367 с.
13. Волгин Б.Н. Деловые сообщения. М., 2014, 475 с.
9. Проблемы судебной этики./Под ред. Строговича М.С. М., 2018, 334с.
10. Словарь по этике./Под ред. Гусейнова А.А. Кона И.С. М., 2016, 382 с.
11. Кокорев Л.Д., Котов Д.П. Этика уголовного процесса: Учебное пособие. Воронеж, 2010, 371с.
12. Любичев С.Г. Этические основы следственной тактики. М., 2014, 266 с.
13. Карпец И.И. Уголовное право и мораль. М., 2015, 310 с.
14. Ибрагимов М.М., Куличенко В.В., Съедин Б.Г. Профессиональная этика и эстетическая культура сотрудников ОВД. Киев, 2019, 520 с.
15. Грядовой В.И. Профессиональная мораль сотрудников органов внутренних

дел: специфика, проблемы, решения. М., 2014, 721 с.

16.Букреев В.И.. Этика права: от истоков этики и права к мировоззрению: Учеб.пособие . - М., 2010.

17.Выгорбина А.Е. Культура дискуссии (требования этики и логики в обсуждении спорных проблем) . - М.,2017.

18.Гусейнов А.А.. Этика: Учебник для вузов- М., 2008.

19.Зеленкова И.Л., Беяева Е.В. Этика. – Минск, 2013

20.Зеленкова И.Л. Этика: Учеб.пособие и практикум. - Минск, 2015.